КС қызметкерлері, сондай-ақ жалпы жиналыс шешімімен сайланатын қатысушыларынан құрылған 5-7 адамнан тұратын КС Басқармасы атқарушы орган болып табылады. Сонымен бірге жалпы жиналыста тексеру комиссиясы (ревизор) сайланады. Басқарма шешіміне сәйкес КС қызметкерлері мен оның қатысушыларынан тұратын Кредиттік комитет құрылады.

Қаржы нарығында КС қызметінің екінші деңгейдегі банктерден айрықша ерекшелігі:

- кредит беру туралы алқалы шешімді КС қатысушыларының өздері қабылдайды;
- ұсынылатын кредиттер үшін сыйақы ставкасының пайызы төмен болуы;
- екінші деңгейдегі банктер алуға бас тартатын кепіл мүлікті (жер пайдалану құқығы, ауыл шаруашылығы жануарлары, ауыл шаруашылығы техникасы және ауылдағы жылжымайтын мүлік) қабылдау;
- КС кредиттік міндеттемелері бойынша қатысушылардың ынтымақтас жауапкершілігі;
- қызмет жүргізу орындары бойынша қатысушыларға қызмет көрсетудің ыңғайлылығы.

Берілген қаражаттың мақсатты пайдалануына, кепіл мүліктің жағдайына бақылау жүргізетін, КС қатысушыларының жалпы жиналысына қатысатын және жергілікті атқарушы органдарда Корпорацияның мүддесін білдіретін республиканың 6 облысында филиал және 7 облысында өкілдіктері бар.

2006 жылы Корпорация ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сақтау және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылымға (бұдан әрі – Бірлестіктер) кредит беру бойынша жаңа бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыруға кірісті.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жеңілдікпен кредит беру арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сақтау және қайта өңдеу жөніндегі инфрақұрылымды дамыту үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бірлестіктерін көтермелеу бойынша жағдай жасау.

Өндіретін өнімді өткізуде кірісін ұлғайту мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (ауыл халқын қоса алғанда) мүддесін қорғау мәселелерін шешу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бірлестіктерін құру жоспарлануда. Жоғарыда көрсетілген қызметтің ұйымдастырушылары ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиялық тізбегінде байланыстырушы буын болатын және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүддесін біріктіретін болып коммерциялық емес Бірлестіктер белгіленген. Өңірде қайта өңдеу өндірістері болмай және дайын өнімді өткізу нарығы болған жағдайда, шикізатты тереңінен өңдейтін кооперативтер құруға болады.

Бағдарламаның **міндеті** ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өз өнімін делдалсыз тұтынушыға жеткізу болып табылады.

Өтініштерді іріктеу барысында құрылатын Бірлестіктердің мынадай қызмет түрлеріне басымдық беріледі:

- ет саласы;
- сүт саласы;

- жеміс-көкөніс саласы.

31.01.2011 ж. жағдай бойынша 138 Бірлестікке сомасы 9,4 млрд. теңге кредит берілді.

Кредит берілген 132 Бірлестіктің салалық бағыттары мынадай:

- ет саласы – сомасы 1,4 млрд. теңге 34 жоба;
- сүт саласы - сомасы 2,9 млрд. теңге 39 жоба;
- жеміс-көкөніс саласы - сомасы 1,6 млрд. теңге 28 жоба;
- басқа салалар (май, мақта, балық, жүн, астық)- сомасы 3,5 млрд. теңге 42 жоба.

Бірлестіктер құрамына 5 108 қатысушы кірді, оның ішінде 1 636 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер және 3 472 жеке үй шаруашылықтары.

2006-2010 жылдар ішінде Корпорация қаржыландырған Бірлестіктермен 2 мың жұмыс орны ашылды.

Ауыл халқының табыс деңгейін көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы жұмыспен қамтамасыз ету және ауыл халқының тіршілігін қамтамасыз ету салаларын дамыту мақсатында Корпорация 2007 жылдан бастап ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған іс-шараларды қаржыландыруда.

Жалпы экономикалық өсім көрсеткішінде қала мен ауыл халқының тұрмыс деңгейіндегі үйлесімсіздік күшейіп келеді, ауыл халқының үштен бірінің табысы ең төмен күнкөріс деңгейінде. Ауылдық мекендендіруді оңтайландыру, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған қаражатты тиімді орналастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы ауыл аймақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. Бұл бағдарламаның объектісі ауылдық елді мекендер – тұрғындары көбіне ауыл шаруашылығымен айналысатын ықшам мекенді аймақтағы елді мекен болып табылады. Осы Бағдарламаны іске асыру шарттарының бірі ауыл халқының табысын көтеруді қамтамасыз ету болып табылады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, ауыл халқының табысы ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнестің дамуымен қамтамасыз етіле алады.

Қазақстан халқының басым көпшілігі, шамамен 43 % ауыл аймақтарында тұратынын назарға алсақ, ауылда кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік қолдау көрсетуді жандандыру қажет. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігінде жеке бизнес ашу үшін қаражаты да, тіпті шағын кәсіпкерлік негіздері туралы түсінігі де жоқ.

Сонымен, экономикалық белсенді ауыл халқын қамтып, қызмет көрсетуді жаңа сапалы деңгейге шығару қажеттілігі туды.

2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы ауыл аймақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Корпорация ауылдық жерде ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызмет түрлерін дамыту бойынша тиімді инфрақұрылым қалыптастыру жөнінде міндеттер белгіледі. Осыған байланысты, осы міндеттерді орындау бойынша республикалық бюджеттен ақшалай қаражат алу арқылы мемлекеттік қолдау шараларын қабылдау ұсынылады.

Бюджеттік қаражат арқылы кредит беру ауыл кәсіпкерлеріне шағын бизнес кәсіпорындарының өнімділігін және пайдалылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік инвестициялар есебінен кәсіпкерлер өз өндірісін айналым қормен қамтамасыз ете алады және өндіретін өнімнің сапасын көтереді.

Қаржы ресурстары шағын бизнестің перспективті түрлерін дамытуға пайдаланылады:

- **ауыл шаруашылығы шикізатын (ет, сүт, көкөніс, жеміс, тері) қайта өңдеу;**
- **жеңіл және тамақ өнеркәсібі өндірісі;**
- **балық өнімдерін өсіру, көбейту және қайта өңдеу;**
- **туризмді, қонақ үй бизнесін және жол бойындағы сервисті ұйымдастыру;**
- **ауылдық сауда нүктелерін және қоғамдық тамақтандыру пункттерін кеңейту.**

Ауылдық жердегі кәсіпкерлікті дамыту ауылдың тұрақты дамуына ықпал жасайды, себебі:

- қосымша жұмыс орындарын құруға;

- ауыл халқының, атап айтсақ, мейманхана және ауыл қонақ үйлерінің иелерінің, қызмет көрсететін персоналдың табысын көтеруге;
- үй шаруашылығында өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін және оларды өткізу рыногын кеңейтуге;
- халықтық кәсіпшілік бұйымдар, оның ішінде сувенирлер өндірісінің өсуін қамтамасыз етуге;
- шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің пайда болуына байланысты жергілікті бюджеттерде салық түсімін ұлғайтуға;
- жергілікті тұрмыстық инфрақұрылымды жаңғыртуға мүмкіндік береді.

2007-2010 жылдар кезеңінде Корпорация бағдарламаны іске асыруды бастағалы дамыту мен кеңейтуге келесі бағыттар бойынша:

- ауылдық сауда нүктелерін – 28 жоба, сомасы 279,8 млн. теңге;
- жол бойындағы бизнес – 34 жоба, сомасы 509,9 млн. теңге;
- тамақ өнімін өндіру – 19 жоба, сомасы 373,4 млн. теңге;
- қоғамдық тамақтану пункттері – 24 жоба, 349,4 млн. теңге;
- қонақүй бизнесі – 11 жоба, сомасы 179,6 млн. теңге;
- балықты өсіру мен қайта өңдеу – 6 жоба, сомасы 218,9 млн. теңге;
- ауылдық туризм объектілері – 15 жоба, сомасы 547,5 млн. теңге, жалпы сомасы 2,5 млрд. теңгеге 137 жобаны қаржыландырды. Корпорация қаржыландырған жобалар есебінен 801 жаңа жұмыс орны ашылды.

Корпорацияның кредиттік саясаты

Корпорацияның кредиттік қызметі мынадай принциптерде құрылады:

- кредиттер бойынша шешім қабылдауда алқалылық;
- кредиттік қызметті бақылау;
- кредит тәуекелдерін бақылау;
- Корпорацияның өтімділігі, кредиттендіру рәсімдері мен стандарттарын әзірлеу және бекіту, кредит тәуекелдерінің шоғырлануын анықтау, экономика секторлары, өңірлер және клиенттер бойынша несие қоржынын оңтайлы әртараптандыруды айқындау, сондай-ақ қарыз операцияларының пайдалылығына қол жеткізу мақсатында несие қоржынының ұтымды құрылымын құру;
- кредит мониторингін жүргізу, яғни қызметке тұрақты талдау жүргізу, шарттардың барлық талаптарының орындалуын бақылау арқылы қарыз берілген мерзімнен бастап толық өтелгенге дейін қарыз алушының міндеттемелерді орындауын үнемі бақылау.

Жалпы кредит беру талаптары

Корпорацияның кредит ресурстары:

- бюджеттік кредиттер;
- меншікті ресурстар;
- заңнамамен тыйым салынбаған басқа қаржы көздері есебінен қалыптасады.

Корпорация кредиттерді ұлттық валютада ұсынады:

- 1) ұсыну мерзімдері бойынша:
 - қысқа мерзімді – 1 (бір) жылға дейін;
 - ұзақ мерзімді – 1 (бір) жылдан астам.
- 2) ұсыну талаптары бойынша:
 - бір жолғы кредит – қаржыланатын жобаның барлық сомасына бір жолғы ұсынылатын және белгіленген кестеге сәйкес бір не бірнеше төлем арқылы өтелетін кредит;
 - кредит желісі – белгілі кезең ішінде келісілген кредиттендіру лимиті шегінде кредит берушінің қарыз алушы алдындағы міндеттемесі;

- айналыстағы (жаңартпалы) кредит – белгіленген берешек лимиті шегінде және нақты мерзімде қарыз алушы қалауы бойынша кредит алуына және қайтаруына болатын жаңартылатын кредит.

3) Корпорацияның кредиттік комитетімен белгіленетін кредиттендіру лимиті бойынша:

- бір қарыз алушы үшін лимит көлемі меншікті капиталдың көлемінен 25% астам емес;
- бір қарыз алушы үшін кредиттің ең аз көлемі кемінде 1 000 000 (бір миллион) теңге.

Корпорацияның заем операцияларын жүргізудің негізгі принциптері:

- мерзімділік – белгілі мерзімге кредит беру;
- ақылшылық – белгілі төлемге кредит беру;
- қайтарымдылық – белгіленген мерзімде кредитті қайтару;
- қамтамасыз ету – Корпорацияның қызметін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес қамтамасыз етуге кредит беру;
- нысаналы мақсаты – кредиттелетін жобада ескерілетін айқындалған мақсаттарға кредит беру;
- саралау – қарыз алушының қызмет саласына, кредитті пайдалану бағытына, кредит тәуекеліне, кредиттендіру мерзіміне, ресурстардың құнына байланысты әр түрлі шарттарда кредит беру.

Корпорация мынадай жалпы критерийлер бойынша бағаланатын қарыз алушыларға кредит береді:

- қарыз алушының төлем қабілеттілігі;
- қарыз алушының іскерлік беделі;
- қарыз алушының кредиттік тарихының оң болуы;
- кредитті қамтамасыз ету (Корпорацияның қызметін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес кредит бойынша кепіл не басқа қамтамасыз ету түрінің болуы).

Кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы көлемі (ставка):

- бюджет ресурстары қаржы көзі болып табылатын кредиттер бойынша – жылдық 10 (он) пайыздан астам емес, оның ішінде кредиттік серіктестіктер үшін – жылдық 4 (төрт) пайыздан астам емес.
- басқа қаржы көздері есебінен кредиттер бойынша сыйақы ставкасы бюджеттеу және жиынтық талдау бөлімінің қызметтік жазбасы негізінде Корпорацияның Кредиттік комитетінің шешімімен бекітіледі. Бюджеттеу және жиынтық талдау бөлімінің қызметтік жазбасы тартылған ресурстар құны және облигациялар табыстылығы есебінен сыйақы ставкасының айқындалуын қамтуы тиіс.

Кредиттік серіктестіктерді жіктеу және оларды кредиттендіру талаптары.

Корпорация кредит беру кезінде КС екі топқа бөледі.

Бірінші топқа келесі критерийлерге жауап беретін КС кіреді:

1) (К-1) қаржылық жай-күйінің көрсеткіштері:

- залалсыз қызмет;
 - 0,20 кем емес рентабельділігі. Коэффициент корпоративтік табыс салығын төлегенге дейін жалпы шығыс сомасына КС таза кірісінің ара қатынасы деп есептеледі.
 - 0,15 кем емес меншікті капиталдың жеткілікті болуы. Коэффициент КС меншікті капиталдың оның міндеттемелерінің жиынтық көлеміне ара қатынасы деп есептеледі.
- КС меншікті капиталы келесідей есептеледі: төленген жарғылық капиталының сомасы (КС қатысушыларының міндетті жарналары шегінде), қатысушыларының қосымша жарналары, өткен жылдардың үлестірілмеген таза кірісі (оның ішінде үлестірілмеген таза кіріс есебінен қалыптасқан қор, резервтер), ағымдағы жылдың шығыстарына қарағанда ағымдағы жылдың кірістерінен артылған сома, қайта бағалау бойынша

резервтер, материалдық емес активтерді, өткен жылдар залалын, ағымдағы жылдың шығыстары ағымдағы жылдың кірістерінен астам болуын шегергенде.

Осы көрсеткіштерді есептеу кезінде бюджеттен тыс қаржы көздері есебінен бөлінген қаражат қосылмайды.

Міндеттемелер – КС барлық міндеттемелерінің сомасы.

2) (К-2) мерзімі өткен берешегінің болмауы:

- негізгі борыш, сыйақы және басқа міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы.

3) (К-3) КС басқару менеджменті:

- Корпорацияға тапсырылатын есептілік нысандарын құру сапасы;
- КС қызметінің есепке алу және кредиттік саясаттың талаптарына сәйкес болуы;
- КС басқару сапасы (Басқарма қызметі, Басқарма отырыстарын жүргізу мерзімділігі).

Екінші топқа жаңадан құрылған КС және бірінші топтағы КС қойылатын критерийлердің біреуіне жауап бермейтін жұмыс істеп жатқан КС кіреді. КС бір топқа жатқызу және бір топтан екінші топқа ауыстыру Корпорацияның құрылымдық бөлімшелерінің ұсынысы бойынша Корпорацияның Басқарма шешімімен жүргізіледі.

КС кредиттеу лимиті Корпорацияның кредиттік комитетімен айқындалады. 1-топтағы КС үшін лимит көлемі 3 000 000 000 (үш миллиард) теңгеден аспауы тиіс, 2-топтағы КС үшін 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеден аспауы тиіс.

1-топтағы КС кредит беру Кредиттік келісім негізінде 7 (жеті) жылға дейінгі мерзімге жүргізіледі.

2-топтағы КС кредит беру кредит желісін ашу туралы шарт негізінде 5 (бес) жылға дейінгі мерзімге жүргізіледі.

Корпорацияның кредиттік комитеті филиал үшін соңғы қарыз алушыны кредиттеу лимитінің көлемін анықтайды. Бұл ретте:

- филиал белгіленген лимит шегінде өз бетінше кредит беру туралы шешім қабылдайды;
- филиалдың бекітілген лимиттен артық кредит беру туралы шешімі Корпорацияның Кредиттік комитетімен келісіледі.

Кредитті қамтамасыз ету.

Корпорацияның кепілге алатын мүлігіне талаптар, уәкілетті органдарда кепілді тіркеуге (қайта тіркеуге) не одан ауыртпалықты алуға, сондай-ақ оны бағалауға байланысты іс-қимылдар 28.08.2007 ж. Директорлар кеңесінің №8 хаттамасымен бекітілген Кепіл саясаты туралы ережеге енгізілді.

Ауылдық жерде кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлерін дамыту жобалары бойынша кредит беру талаптары

Кредит сомасы	1 000 000 теңгеден меншікті капиталдан 25% дейін
Кредит беру мерзімі	7 жылға дейін
Кредит бойынша сыйақы ставкасы	Жылдық 9,5 % дейін
Кредитті қамтамасыз ету	Кредиттік саясатқа сәйкес
Кредитті өтеу	Кестеге сәйкес

24. Корпорацияның қызметіне кейіннен елеулі әсер ететін Корпорациямен жасалған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер

1. 2004 жылы КС кредит беру үшін республикалық бюджеттен 1 879 000 000 (бір миллиард сегіз жүз жетпіс тоғыз миллион) теңге кредит ресурстарын бөлу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Корпорация арасындағы 2004 жылғы 7 мамырдағы № АКК 003А Кредиттік келісім.
2. 2004 жылы КС кредит беру үшін республикалық бюджеттен 241 203 000 (екі жүз қырық бір миллион екі жүз үш мың) теңге кредит ресурстарын бөлу туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Корпорация арасындағы 2004 жылғы 22 қазандағы № АКК 004А Кредиттік келісім.
3. 2007 жылғы 19 наурыздағы № С51 жалпы сомасы 3 000 000 000 теңге 3 000 000 дана KZ2COY05C515 купондық облигациялар шығарылымы.
4. 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № D69 жалпы сомасы 2 000 000 000 теңге 2 000 000 дана KZ2COY05D679 купондық облигациялар шығарылымы,
5. Дрезднер Банктің Лондондағы филиалымен жалпы сомасы 136 000 000 АҚШ долларға 2008 жылғы 10 сәуірдегі кредит шарты.
6. «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жалпы сомасы 62 871 970 667 теңге 18.05.2009 жылғы №36 қарыз туралы негіздемелік келісім, 01.06.2009 жылғы №1 қосымша келісім, 14.09.2009 жылғы №2 қосымша келісім.
7. «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жалпы сомасы 39 000 000 000 теңге 2010 жылғы 29 қаңтардағы №8 кредит туралы шарт.
8. Алматы облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен жалпы сомасы 200 000 000 теңгеге 10.06.2009 ж. №1 кредит шарты, 01.07.2010 жылғы №1 және №2 қосымша келісімдер есебімен.
9. Жамбыл облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен жалпы сомасы 100 000 000 теңгеге 28.04.2010 ж. №3 кредит шарты

25. Эмитент қызметін жүзеге асыру үшін алынған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы, құжаттың нөмірі мен күнін, қолданылу мерзімін және осы құжатты берген орган көрсетілген мәліметтер.

Ұлттық валютада Қазақстан Республикасының банктік заңдарымен көзделген операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігінің ұлттық валютада мынадай банктік операциялар жүргізуге 2006 жылғы 3 ақпандағы № 24 лицензиясы:

Банктік заем операциялары: ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен ақшалай нысанда кредит беру.

26. Соңғы екі жылда немесе қабылданған жеке немесе сандық өлшем бірліктерінде іс жүзінде өмір сүру кезеңі ішінде сатылған өнімдердің (атқарылған жұмыстардың, қызметтердің) көлемі.

Эмитенттің соңғы екі жылда немесе өмір сүру кезеңі ішінде сатылған өнімдердің (атқарылған жұмыстардың, қызметтердің) көлеміндегі өзгерістерді талдау

Берілген кредит ресурстарының көлемі:

- 2001 жылы – 132 008 мың теңге;
- 2002 жылы – 929 410 мың теңге;
- 2003 жылы – 2 050 615 мың теңге;
- 2004 жылы – 4 263 422 мың теңге;
- 2005 жылы – 8 333 935 мың теңге;
- 2006 жылы – 12 487 928 мың теңге;

- 2007 жылы - 19 361 606 мың теңге;
- 2008 жылы - 40 033 546 мың теңге;
- 2009 жылы - 35 611 616 тыс. теңге;
- 2010 жылы - 37 899 711 тыс. теңге.

27. Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыстар, қызметтер) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

Оң факторлар:

- мемлекеттен төмен пайыздық займдарды тарту
- 2011 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде шағын және орта фермерлікті дамыту бағдарламасы, оған 28 млрд теңге бөлінетін болады. Аграрлық несие корпорациясы осы бағдарламаның негізгі операторларының қатарына кіреді.
- Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайлары, кең байтақ жайылымдық және пішендік жерлері ет пен жүннің едәуір көлемін өндіруге мүмкіндік береді.
- Аграрлық секторға инвестициялардың жоғары тиімділігі (Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша Қазақстанда мұнай шығарудан кейін 2-орын)

Теріс әсер ететін факторлар:

- Әлсіз ұйымдық-техникалық жұмыс және кредиттік серіктестіктер қызметкерлері біліктілігінің деңгейінің төмендігі
- Климаттық жағдайлардың болжамсыздығымен байланысты ауыл шаруашылығы тәуекелінің жоғары дәрежесі
- Ауылдық жерде кәсіпкерлікті дамыту мен жаңа технологияларды енгізу үшін білікті кадрлардың жоқтығы.

28. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі

Корпорация Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігінің Қазақстан Республикасының банктік заңнамасымен көзделген операцияларды жүргізу лицензиясына сәйкес кредит ресурстарын беру түрінде қызмет көрсетеді.

29. Эмитент қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

1) Эмитент қызметінің маусымдылығы, қызметтің маусымдық сипаты бар түрлері және олардың Корпорацияның жалпы кірісіндегі үлесі;

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін күзде көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге айналым қаражатын толықтыру.

2) Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыста, қызмет көрсетуде) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі экспорттағы эмитент сататын өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) үлесі;

Қызмет көрсетуде импорттың/экспорттың үлесі жоқ.

3) Облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған күнінен бастап алты ай ішінде жасалуы немесе орындалуы тиіс мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер бұл мәміленің сомасы эмитент активтерінің баланстық құнынан он пайыз астам болса;

Облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған күнінен бастап алты ай ішінде жасалуы немесе орындалуы тиіс, сондай-ақ ол бойынша жасасу сомасы Корпорация активтерінің баланстық құнынан он пайыздан астам мәмілелер жоқ.

4) Болашақтағы міндеттемелер. Эмитенттің негізгі болашақтағы міндеттемелері ашылады және осы міндеттемелердің эмитенттің қызметіне теріс әсері, оның ішінде мұндай эмитент, облигациялардың саны, кепілдіктердің шарттары, өтеу күні және кепілдік берілген шығарылым валютасы туралы ақпаратты қоса алғанда, үшінші тұлғалардың кепілдіктермен қамтамасыз етілген өзге эмитенттердің облигациялары бойынша эмитенттің кепілдіктері туралы.

Перспективтіні жасау күніне Эмитенттің қызметіне келеңсіз әсерін тигізе алатын болашақ міндеттері жоқ.

5) Эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен болатын сот процестерінің мәніне сипаттама беру, оның нәтижесінде эмитенттің қызметі тоқтатылуы немесе шектелуі, оған ақшалай және өзге міндеттемелер жүктелуі мүмкін.

Нәтижесінде Корпорацияның қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі мүмкін сот процестері болған жоқ.

6) Эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы бір жыл ішінде қолданған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер. Санкция қолданылған күнді, санкцияны қолданған органды, санкцияның себептерін, санкцияның түрі мен мөлшерін, сондай-ақ санкцияны орындау деңгейін көрсету қажет.

Соңғы бір жыл ішінде Корпорацияға және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот қолданған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер жоқ.

7) Тәуекел факторлары. Облигация ұстаушылар ұшырайтын тәуекел факторларын егжей-тегжейлі талдауды беру.

Кредит тәуекелі – қарыз алушы негізгі борыш пен кредит бойынша пайызды өтеу бойынша өзінің шарттағы міндеттемелерін орындамау нәтижесінде шығындар туындау тәуекелі. Кредит тәуекелін басқару бірнеше факторлар өзгеру кезіндегі қарыз алушының кредитке қабілеттігіне байланысты. Сонымен бірге кепілді сату және ықтимал құнсыздану есебімен бағасы негізгі кредит сомасы мен ол бойынша пайыздарды жабу үшін жеткілікті өтімді қамтамасыз етудің болуы кредит беру туралы шешім қабылдауда маңызды талап болып табылады.

Өтімділік тәуекелі – Корпорацияның өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкінсіздігімен байланысты тәуекелдер. Корпорация активтерінің негізгі бөлігі кредитте шоғырланғандықтан, Корпорация өтімділігі негізінен несие портфелінің құрылымы мен сапасына байланысты

Клиент тәуекелі – қарыз алушының құжаттамасын және қаржылық жай-күйін заңды талдаудан анықталатын қарыз алушының заңды іс-әрекетке қабілеттілігі және қаржылық жағдайына байланысты тәуекелдер. Бұл талдау Корпорацияның Кредит беру тәртібінің Қосымшаларына сәйкес қарыз алушы тапсырған құжаттар негізінде құрылады.

Қамтамасыз ету тәуекелі – қарыз алушылар кредит беруші алдында өз міндеттемелерін уақытылы орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, орнын жабу үшін ұсынатын міндеттемелерді қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдер; белгілі бір өтімділік категориясына жатқызу арқылы ұсынған қамтамасыз етуді талдау жолымен анықталады.

Функционалдық тәуекел – төлем жүргізуге, заем туралы шарттар ресімдеуге, кепілді бағалауға, т.б. байланысты тәуекелдер.

Салалық тәуекел – Корпорацияның негізгі қызметі, атап айтсақ, ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит беруге байланысты тәуекел (егін шықпау, мал өлімі, құрғақшылық, ауыл шаруашылығы өніміне бағаның ауытқуы).

Форс-мажорлық жағдайлар тәуекелі – дүлей апат және басқа табиғи апаттардың салдарынан туындайтын тәуекел.

8) Эмитенттің қызметі, эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат.

Эмитенттің қызметі, Эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат болған жоқ.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ

30. Теңгерім құны материалдық емес активтердің жалпы теңгерім құнының бес және одан көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

Материалдық емес активтердің атауы	Теңгерімдік құны мың теңге
Бағдарламалық қамтамасыз ету	289 677

Корпорацияның материалдық емес активтерінің қалдық бағасы 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 321 604 мың теңге құрайды.

31. Теңгерім құны негізгі құралдардың жалпы теңгерім құнының бес және одан көп пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

Негізгі құралдың атауы	Теңгерімдік құны мың теңге
Кеңселік ғимарат	98 659

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның негізгі құралдарының қалдық теңгерімдік құны 202 087 мың теңге құрады.

32. Инвестициялар (мың теңге):

Инвестициялар	31.12.2010	31.12.2009
Тәуелді серіктестіктерге инвестициялар	319 979	515 067

Корпорацияның Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 7 қазандағы №17 сыртай отырысының шешіміне сәйкес, Корпорация кредиттік серіктестіктердің құрамынан олардағы үлестерді өткізу жолымен шықты, сондықтан 2010 жылы тәуелді серіктестіктерге инвестициялар салу төмендеді.

33. Дебиторлық берешек (мың теңге):

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның сауда және басқа да дебиторлық берешегінің теңгерімдік құны 27 331 мың теңге құрады.

Ірі дебиторлардың тізімі төменде берілген:

№	Дебитордың атауы	мәміле жасау күні	31.12.2010 жылға дебиторлық берешек сомасы
1	"Металлинвест 2007" ЖШС	13.01.2009 ж	9 250
2	"АгроКурлыс Казахстан" ЖШС	02.09.2010 ж	4 482
3	"ST group wool corporation" ЖШС	05.02.2009 ж	1 000
4	"Алрун" ЖШС	05.02.2010 ж.	500
5	Консалдинг Центр Меридиан ЖШС	14.07.2009 ж.	1 500

6	"Premier Страхование" АҚ	12.02.2009 ж	1 465
7	Stadart& Poors	09.10.2009 ж	1 664
8	Amanat Insurance СК АҚ филиалы	15.02.2010 ж	1 578
9	"Казкоммерц Секьюритиз" АҚ	15,08.2007 ж	4 610
	Барлығы:		26 049

33.1. Корпорацияның міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын және әр активтің құнын, тиісті шарттардың қолданысы аяқталу мерзімін көрсетіп, сенімгерлік басқаруға табыс етілген Корпорацияның активтері туралы мәліметтер.

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын немесе сенімгерлік басқаруға табыс етілген Корпорацияның активтері туралы мәліметтер жоқ.

Корпорацияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері:

(мың теңге)

Көрсеткіш	31.12.2010	31.12.2009
Жарғылық капитал	48 649 371	36 649 371
Меншікті капитал	46 169 609	33 288 277

35. Заемдар.

Бұл тармақта валютасын, сыйақы ставкасын, қамтамасыз ету түрін көрсете отырып, қолданыстағы банктік займдар және кредит желістері туралы ақпарат беріледі. Өтеу сомалары таяу он екі ай ішінде тоқсанға бөлінуге тиіс, қалған сомалар жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі.

Заемдар (мың теңге) Қаржылық институт	31.12.2010 ж. берешек, барлығы	%	Қамтамасыз ету	өтеу сомалары						
				2011 ж.				2012	2013	2014
				I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан			
Commerzbank AG	12 676 400	8,03	Жоқ	2 948 000	493 912	0	3 352 110	4 870 576	2 428 184	0
ҚР Қаржы министрлігі	347 624	0,5	Жоқ	0	0	0	349 362	0	0	0
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	14 348 082	1,02	Жоқ	6 650	734 429	162 449	434 074	2 486 564	2 335 043	2 637 501
«Алматы облыстық КӨБ.» ММ	200 000	1	Жоқ	0	0	37 000	0	34 670	34 340	34 010
«Жамбыл облыстық КӨБ.» ММ	100 000	0,1	Жоқ	0	0	0	0	20 172	20 080	20 060
облигациялардың 1-шығарылымы	2 954 648	7,3	Жоқ	107 845	0	122 618	0	3 220 566	0	0
облигациялардың 2-шығарылымы	1 889 250	11	Жоқ	52 387	52 387	52 387	52 387	209 548	209 548	209 548
Барлығы:	32 516 004			3 114 882	1 280 728	374 454	4 187 933	10 842 096	5 027 195	2 901 119

36. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешегі (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванс)

(мың теңге)

№	Кредит берушінің атауы	Мәміле жасау күні	31.12.2010 ж. кредиторлық берешек сомасы
1	"Казакхтелеком" АҚ	01.02.2010 ж.	1 251
2	"Нурлы омир" ЖШС	22.11.2010ж.	861
3	"Казагромаркетинг" АҚ	29.11.2010 ж.	1 938
4	"Рекламное агенство АДА" ЖШС	27.10.2010 ж.	3 485
5	"BesT Video" ЖШС	08.11.2010ж.	1 115
6	"Букина Ж.Ж." ЖК	13.09.2010 ж.	399
7	"Егемен Казакхстан РГ " АҚ	05.03.2010 ж.	378
	Барлығы:		9 427

соңғы аяқталған үш қаржы жылы ішіндегі таза кірісінің

36-1. Соңғы аяқталған үш қаржы жылы үшін эмитент алған (шеккен) таза табыс (залал) мөлшері (үш жылдың әрқайсысының қорытындысы бойынша).

Таза табыс (мың теңге)

Жыл	Таза табыс
2008 ж	323 154
2009 ж	(4 631 347)
2010 ж	98 117

36-2. Левередж

Бұл тармақта соңғы аяқталған үш қаржы жылының әрқайсысының бірінші күніндегі, сонымен қатар соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша Корпорацияның левереджінің шамасы көрсетіледі

01.01.2008ж.	01.01.2009ж.	01.01.2010ж.	01.01.2011ж.
0,14	0,59	1,15	0,64

36-3. ҚР ҚҚА Басқармасының 29.04.09 ж. №89 қаулысына сәйкес алып тасталды

36-4. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы аяқталған екі қаржы жылының бір жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны көрсетіледі

Таза ақшалай ағындар (мың теңге)

	2009	2008
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі/ (шығын)	(951 975)	(11 779 230)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі/ (шығын)	(398 388)	17 465

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі/ (шығын)	2 586 127	10 948 118
Ақша қаражатының және олардың эмитенттерінің таза өсімі/ (азаюы)	1 235 764	(813 647)
Есептік кезеңнің басына ақша қаражаты және олардың баламалары	2 033 970	2 847 617
Есептік кезеңнің соңына ақша қаражаты және олардың баламалары	3 269 734	2 033 970

6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

37. Облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылдау күніне дейін Корпорацияның тіркелген эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдары:

1) облигациялардың әрбір шығарылымының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған облигациялар саны, сондай-ақ орналастыруға тартылған ақшаның жалпы мөлшері (номиналдық құны бойынша), негізгі борыш сомасы, әрбір шығарылым бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы, өтеу уақытын көрсете отырып, сатып алынған және мерзімінен бұрын өтелген облигациялар саны. Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, шығарылымды мемлекеттік тіркеу нөмірі және шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні:

Корпорация облигацияларының 1-шығарылымы

1.1) Облигациялардың түрлері: купондық, қамтамасыз етусіз.

1.2) Шығарылған облигациялар саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

- шығарылған облигациялар саны: 3 000 000 (үш миллион) дана;

- жалпы шығарылым саны: 3 000 000 000 (үш миллиард) дана.

1.3) Бір облигацияның номиналдық құны:

- 1 000 (бір мың) теңге.

1.4) Сатып алынған облигациялардың саны:

- 1 074 720 дана.

облигацияларының 1-шығарылымын сатып алу.

күні	саны	күні	саны	күні	саны
06.03.2008	4 400	29.03.2010	2 242	23.07.2010	11 340
27.05.2008	4 400	22.04.2010	6 630	23.07.2010	2 050
30.05.2008	4 400	22.04.2010	1 550	23.07.2010	3 617
03.06.2008	2 200	22.04.2010	7 788	28.07.2010	13 374
06.06.2008	2 920	04.05.2010	1 038	28.07.2010	9 145
05.08.2008	1 700	30.06.2010	3 238	28.07.2010	5 460
19.05.2009	233 000	13.07.2010	6 649	29.07.2010	6 640
26.05.2009	233 000	22.07.2010	7 660	29.07.2010	3 860
09.02.2009	1 860	22.07.2010	5 680	04.08.2010	14 650
11.02.2009	2 200	22.07.2010	13 120	04.08.2010	19 981
16.02.2009	2 200	22.07.2010	11 760	11.08.2010	8 938
05.05.2009	900	22.07.2010	2 282	16.08.2010	10 620
15.09.2009	180	22.07.2010	31 493	01.09.2010	12 360
24.11.2009	1 267	22.07.2010	13 952	01.09.2010	13 430
24.11.2009	2 497	22.07.2010	7 873		
31.12.2009	4 331	22.07.2010	7 745		
31.12.2009	2 105	22.07.2010	14 176		
20.01.2010	4 661	22.07.2010	4 140		
20.01.2010	4 842	23.07.2010	19 260		
09.02.2010	172 230	23.07.2010	8 220		
22.02.2010	2 376	23.07.2010	39 980		

12.03.2010	6 523	23.07.2010	6 690
17.03.2010	1 056	23.07.2010	4 040
17.03.2010	7 387	23.07.2010	9 414

1.5) Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, шығарылымды мемлекеттік тіркеу нөмірі және шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні:

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі № С51 19.03.07ж.

1.6) Алғашқы шығарылым бойынша орналастырылған облигациялардың саны:

- бағалы қағаз 2 954 648 дана

1.7) Орналастыруға тартылған ақшаның жалпы мөлшері (номиналдық құны бойынша):

- 2 577,3 млн. теңге.

1.8) Негізгі борыш сомасы:

- 2 954 648 000 теңге.

1.9) Алғашқы шығарылым бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:

- 19.02.2008ж. Облигациялар шығарылымының талаптарына сәйкес Корпорация НИН KZ2C0Y05C515 Облигациялары бойынша сомасы 71 903 525 теңге 1-купондық сыйақы төлемін жүргізді.

- 13.08.2008ж. Облигациялар шығарылымының талаптарына сәйкес Корпорация НИН KZ2C0Y05C515 Облигациялары бойынша сомасы 104 444 370 теңге 2-купондық сыйақы төлемін жүргізді.

- 17.02.2009 ж. Облигациялар шығарылымының талаптарына сәйкес Корпорация НИН KZ2C0Y05C515 Облигациялары бойынша сомасы 126 842 670 теңге 3-купондық сыйақы төлемін жүргізді.

- 17-18.08.2009 ж. Облигациялар шығарылымының талаптарына сәйкес Корпорация НИН KZ2C0Y05C515 Облигациялары бойынша сомасы 115 916 220 теңге 4-купондық сыйақы төлемін жүргізді.

- 10.02.2010 ж. Облигациялар шығарылымының талаптарына сәйкес Корпорация НИН KZ2C0Y05C515 Облигациялары бойынша сомасы 112 740 053 теңге 5-купондық сыйақы төлемін жүргізді

- 10.08.2010 ж. Облигациялар шығарылымының талаптарына сәйкес Корпорация НИН KZ2C0Y05C515 Облигациялары бойынша сомасы 99 910 269 теңге 6-купондық сыйақы төлемін жүргізді

Корпорация облигацияларының 2-шығарылымы

2.1) Облигациялардың түрлері: купондық, қамтамасыз етусіз.

2.2) Шығарылған облигациялар саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

- шығарылған облигациялар саны: 2 000 000 (екі миллион) дана;

- жалпы шығарылым саны: 2 000 000 000 (екі миллиард) дана.

2.3) Бір облигацияның номиналдық құны:

- 1 000 (бір мың) теңге.

2.4) Сатып алынған облигациялардың саны:

- 95 103 дана.

облигацияларының 2-шығарылымын сатып алу

күні	саны	күні	саны
17.03.2010	17 888	10.11.2010	3 578
21.04.2010	12 893	17.11.2010	2 693

26.05.2010	993	06.12.2010	2 148
31.05.2010	2 222	15.12.2010	2 290
07.06.2010	19 594	31.12.2010	2 200
08.06.2010	5 234	31.12.2010	13 530
20.10.2010	6 113	31.01.2011	17 443
28.10.2010	1 878	31.01.2011	4 750
03.11.2010	1 849		

2.5) Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, шығарылымды мемлекеттік тіркеу нөмірі және шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні:

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі № D67, 22.12.09 ж.

2.6) Алғашқы шығарылым бойынша орналастырылған облигациялардың саны:

- бағалы қағаз 1 867 057 дана

2.7) Орналастыруға тартылған ақшаның жалпы мөлшері (номиналдық құны бойынша):

- 1 872,8 млн. теңге.

2.8) Негізгі борыш сомасы:

- 1 867 057 000 теңге.

2.9) екінші шығарылым бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:

1- купон (2010 ж. 4 ақпан) – 4 433 064 (төрт миллион төрт жүз отыз үш мың алпыс төрт) теңге;

2- купон (2010 ж. 5 наурыз) – 5 672 086 (бес миллион алты жүз жетпіс екі мың сексен алты) теңге;

3- купон (2010 ж. 2 сәуір) – 7 153 777 (жеті миллион жүз елу үш мың жеті жүз жетпіс жеті) теңге;

4- купон (2010 ж. 4 мамыр) - 10 757 033 (он миллион жеті жүз елу жеті мың отыз үш) теңге;

5- купон (2010 ж. 1 маусым) - 12 388 554 (он екі миллион үш жүз сексен сегіз мың бес жүз елу төрт) теңге;

6- купон (2010 ж. 1 шілде) - 13 389 004 (он үш миллион үш жүз сексен тоғыз мың төрт) теңге.

7- купон (2010 ж. 3 тамыз) – 16 158 760 (он алты миллион жүз елу сегіз мың жеті жүз алпыс) теңге;

8- купон (2010 ж. 1 қыркүйек) – 16 948 698 (он алты миллион тоғыз жүз қырық сегіз мың алты жүз тоқсан сегіз) теңге;

9- купон (2010 ж. 5 қазан) – 17 371 668 (он жеті миллион үш жүз жетпіс бір мың алты жүз алпыс сегіз) теңге;

10- купон (2010 ж. 3 қараша) - 17 577 441 (он жеті миллион бес жүз жетпіс жеті мың төрт жүз қырық бір) теңге;

11- купон (2010 ж 6 желтоқсан) - 17 503 007 (он жеті миллион бес жүз үш мың жеті) теңге;

12- купон (2011 ж 6 қаңтар) - 17 462 326 (он жеті миллион төрт жүз алпыс екі мың үш жүз жиырма алты) теңге.

2) құрылтайшылар төлеген акциялардың жалпы саны, түрі және номиналдық құны, сондай-ақ акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшалардың жалпы сомасы. Айналыстағы, сатып алынған акциялардың саны, соңғы күніне сатып алу бағасын көрсетіп. Акцияларды сатып алу әдістемесін бекіту күні. Акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, шығарылымды мемлекеттік тіркеу нөмірі және шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні:

- 2.1) акциялардың жалпы саны – 48 649 371 дана;
- 2.2) акция түрі – қарапайым;
- 2.3) акциялардың номиналдық құны – 1 000 теңге;
- 2.4) акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы - 48 649 371 000 теңге;
- 2.5) соңғы сатып алу күніне бағаны көрсете отырып, сатып алынған, айналыстағы акциялардың саны – жоқ;
- 2.6) акцияларды сатып алу әдістемесін бекіту күні – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесі «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 07.09.2007 жылғы № 6 хаттамалық шешімімен бекітілген;
- 2.7) шығарылымның мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырған орган – ҚР Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі;
- 2.8) мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні – 01.06.2010 жылғы № А4521

3) бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында өз міндеттемелерін орындамауы, облигациялар бойынша сыйақыларды төлемеуі (төлемді кешіктіруі), артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлемеуі (төлемді кешіктіруі), орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындаудың мерзімі өткен күні, бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша бөлек) туралы ақпаратты қоса алғандағы фактілер туралы мәліметтер:

Корпорацияның бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

4) Егер бағалы қағаздардың қандай да бір шығарылымы тоқтатылған немесе өткізілмеген не күші жойылған деп танылған жағдайда, мұндай шешім қабылдаған мемлекеттік органды, олардың қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі;

Бағалы қағаздарының бір де бірі тоқтатылған, өткізілмеген күші жойылған деп танылған жоқ.

5) Әр тіркелген шығарылым бойынша сыйақы төлеу күні, төленуі тиіс сомалар, әр шығарылым бойынша өтеу күні және төленуі тиіс сомалар

1-шығарылым:

Сыйақы төлеу күні – 10 ақпан және 10 тамыз.

Төленуге жататын сыйақы сомалары – сыйақы ставкасы индекстелген, осыған байланысты сыйақы төлем мөлшері әр жарты жыл сайын қайта қаралады.

Облигацияларды өтеу күні – номиналдық құны бойынша (теңге) айналыс мерзімі аяқталған соң 10 жұмыс күні ішінде (2012 ж. 10 тамыз) облигацияларды өтеу күніне дейінгі мерзімде айналыста орналасқан облигациялар бойынша соңғы сыйақы төлемімен бір мезгілде облигациялар ұстаушының ағымдағы шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

Облигацияларды өтеу кезінде төленуге жататын номиналдық құн сомасы – 3 000 000 000 теңге⁵

2-шығарылым:

Сыйақы төлеу күні - облигациялар бойынша сыйақыны төлеу айына 1 (бір) рет, облигацияларды ұстаушылар тізілімін тіркеу күнінен кейін келетін күннен бастап 10 жұмыс

⁵ 31.01.2011 жылғы жағдай бойынша осы шығарылым бойынша облигациялар номиналдық құнының жалпы сомасы 2 954 648 000 теңгеге шығарылды.

күн ішінде жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылар тізілімін тіркеу күні – айдың соңғы күнтізбелік күні.

Төленуге жататын сыйақы сомалары – номиналдық құнынан жылдық 11 сыйақы ставкасы белгіленген болып табылады, осыған байланысты, төленуге жататын сома орналастырылған облигациялар санына тәуелді. Толық орналастырғанда ай сайынғы сома – 18 333 мың теңге.

Облигацияларды өтеу күні – айналыстың басталу күнінен (2014 жылғы 31 желтоқсан) бастап 5 (бес) жылдан соң.

Облигацияларды өтеу кезінде төленуге жататын номиналдық құн сомасы – 2 000 000 000 теңге⁶.

б) Екі соңғы қаржы жылының әр жылына немесе есептелген дивиденд сомасы және төленген дивиденд сомасы көрсетілген, іс жүзінде қолданылған кезең ішінде бір акцияға (жай, артықшылықты) дивиденд мөлшері;

«ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 28 мамырдағы №10 сырттай отырысының шешіміне сәйкес Корпорацияның 2009 жылғы қызметінің нәтижесі бойынша залалдың болуына және таза табыстың болмауына байланысты оның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу және 2009 жылға таза табысты бөлу тәртібін анықтамау туралы шешім қабылданды.

2010 жылға бір акцияға дивиденд мөлшерін анықтау мәселесі бойынша «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген жоқ.

7) Сауда-саттықтарды ұйымдастырушылардың атауын қоса алғанда, Эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда жүзеге асырылатын негізгі нарықтар

«Қазақстандық қор биржасы» АҚ

8) Эмитент бұрын шығарған бағалы қағаздардың әрбір түрі бойынша оны ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың аталмыш құқықтарын өткізу тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген және шектеулерді бұзу (ковенант) кезінде өткізілген құқықтар.

1-шығарылым:

- айналыстың басталу күнінен бастап 5 (бес) жыл өткен соң облигацияларды өтеу кезінде соңғы сыйақы төлеумен бір мезгілде номиналдық құнды алуға құқығы;
- облигациялар бойынша сыйақыны алу құқығы;
- өзіне тиесілі облигацияларға еркін иелік ету құқығы;
- жазбаша өтініш арқылы Корпорация туралы қажетті ақпаратты алуға құқық;
- облигациялар шығарылымы проспектісімен немесе оның көшірмелерімен танысуға құқық;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2-шығарылым:

- облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде ай сайын сыйақы алуға құқық;
- облигацияларды ұстаушының ағымдағы шотына ақшаны аудару жолымен айналыстың мерзімі аяқталғаннан кейін, 10 жұмыс күні ішінде облигацияларды өтеу күнінің алдынан келетін күнде айналыстағы облигациялар бойынша соңғы сыйақыны төлеумен бір мезгілде номиналдық құн (теңгемен) бойынша негізгі борыш сомасын алуға құқық;
- қайталама нарықта облигацияларды кедергісіз сату және сатып алу құқығы;
- ақша міндеттемесін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қайта қаржыландыруының ресми ставкасының негізінде есептелетін мерзімнен өткен әр күн үшін тұрақсыздық төлемін немесе оның бөлігін талап ету құқығы.

⁶ 31.01.2011 жылғы жағдай бойынша осы шығарылым бойынша облигациялар номиналдық құнының жалпы сомасы 1 867 057 000 теңгеге шығарылды.

Облигациялар ұстаушысы тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, Қазақстан Республикасы аумағында банктік шоты болса купондық сыйақы және негізгі борыш төлемі қазақстандық теңге нысанында беріледі. Инвестор тиісті сұрау салған жағдайда, сыйақы мен негізгі борыш сомасын банкпен белгіленген курс бойынша басқа валютаға айырбастау мүмкін. Айырбастау облигацияны меншіктенуші есебінен жүргізіледі. Сыйақының соңғы төлемі теңгелей облигацияны өтеу кезінде бір уақытта жүргізіледі. Корпорация барлық төлемдерді – сыйақы төлеу мен облигацияларды өтеуді қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізеді.

7. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бұл бөлім облигациялық бағдарлама мемлекеттік тіркелген кезінде толтырылмайды.

8. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

41-1. Облигациялық бағдарлама мемлекеттік тіркелген кезде:

1) эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар және облигацияларды ұстаушылар қай жағдайда облигациялардың мерзімін бұрын өтелуін талап етуге құқылы екендігі көрсетіледі;

Облигациялар бойынша дефолт – осы проспектімен белгіленген сыйақы мен негізгі борышты төлеу мерзімі аяқталғаннан кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде пайыздық сыйақыны, номиналдық құнды және соңғы пайыздық сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу.

Корпорация тежеусіз күштер салдарынан осы проспекті бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаса, жауапкершіліктен босатылады. Алдын ала білу және тоқтату мүмкін емес жағдайлар (табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, т.б.) тежеусіз күш жағдайлары деп танылады. Тежеусіз күштер салдарынан күтпеген жағдай туындағанда, Корпорацияның осы проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі мөлшерлес мерзімге жылжытылады, бұл мерзімде де осы талаптар мен шарттар әрекет етеді.

Корпорация дефолттың бір немесе бірнеше жағдайы түскен күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде дефолт жағдайын туғызған себептерді жою үшін (тежеусіз күш мән-жайларының салдары болып табылатын оқиғаны қоспағанда) барлық мүмкін шараларды қолдануға міндетті. Мұндай себептер көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда, Корпорацияның облигацияларын ұстаушылар Корпорация берешекті төлеу бойынша міндеттемелерді орындамайынша, бүкіл мерзім ішінде облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша талапты жолдау арқылы Корпорацияның облигацияларын мерзімінен бұрын төлеуді талап етуге құқығы бар.

2) облигациялар бойынша дефолт жарияланған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар, облигациялар бойынша сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе ойдағыдай орындалмаған жағдайда облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдері;

Корпорацияның кінәсынан пайыздық сыйақыны немесе облигациялардың номиналдық құнының төлемі кешіктірілген жағдайда, Корпорация облигацияларды ұстаушыларға ақша міндеттемесін немесе оның бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қайта қаржыландыруының ресми ставкасының негізінде есептелетін мерзімнен өткен әр күн үшін тұрақсыздық төлемін есептейді.

Корпорацияның дефолт жағдайы түскен кезде, Корпорацияның тиісті органы облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, дефолт жағдайын туғызған себептерді жою бойынша шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.

3) облигациялардың ұстаушыларына дефолт туралы орындалмаған міндеттеменің көлемі, міндеттемені орындалмау себептері және облигациялары ұстаушылардың талаптары қанағаттандыру болуы мүмкін әдістері қосылған мәліметтері жеткізудің тәртібінің, мерзімдерінің және әдістерінің толық сипаттамасы. Егер осы мәліметтерді жариялауы басқа заңды тұлғаға тапсырса, осы тұлғаның толық және қысқартылған атаулары және оның орналасқан жері көрсету керек.

Облигациялар бойынша дефолт жағдайы түскен кезде, Корпорация дефолт жағдайын туғызған себептерді жою, және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салатын болады. Дефолт жағдайы пайда болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Корпорация облигацияларды ұстаушыларға Корпорацияның www.agrocredit.kz ресми сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында www.kase.kz, сондай-ақ «Егемен Қазақстан» газетінде хабарламаны:

- дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- дефолт күніне Корпорацияның орындамаған міндеттемелерінің көлемін;
- міндеттемелерді орындамаудың себептерін;

- Корпорацияға талап етудің тәртібі мен мерзімдерін қоса, өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерін атауды;

- Корпорацияның шешімі бойынша өзге де ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді.

4) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде концессиялық шарттың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері көрсетіледі

Осы облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялары шығарылымдары инфрақұрылымдық емес.

5) тіркеушінің атауы, оның орналасқан жері, телефон нөмірлері, шарттың жасалған күші мен нөмірі көрсетіледі.

Толық атауы: «Бағалы қағаздар тіркеу системасы» акционерлік қоғамы

Қыскартылған атауы: «Бағалы қағаздар тіркеу системасы» АҚ

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы 050096, Алматы қ., Әуезов ауданы, Астана ықшамауд, 8а үйі, тел. 8 (727) 333-40-14, 333-40-10

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентігінің 10.03.2005 жылы берген № 0406200345 лицензиясы. Тізілімдерді жүргізу шарты 29.03.2001 жылғы № 001-А-33.

42. Облигациялар айналымындағы шектеулер

Облигациялар айналымындағы кез келген шектеулер, орналастырылатын облигацияларды ықтимал сатып алушыларға қатысты шектеулер, оның ішінде облигацияларды орналастыру болжанатын тұлғалардың тобы көрсетіледі.

Корпорацияның облигациялар айналымында шектеулер болған жоқ.

43. Облигациялар шығарылымына кеткен Корпорацияның шығындарының сомасы және бұл шығындар қалай төленгені туралы мәліметтер

Корпорацияның облигацияларды шығару және орналастыру бойынша шығындары шамамен 10 миллион теңгені құрайды, және өзіне қаржылық кеңесші мен андеррайтердің, тіркеушінің қызметтерін, сонымен қатар «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының листингтік жинақтарын қамтитын болады.

Осы шығындардың мөлшері нақты орналастыру көлеміне байланысты болады. Шығындар қызметтерді жеткізушілердің шотына ақша аудару жолымен Эмитенттің таза табысы есебінен төленеді.

44. Инвесторлар Эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымның проспектісімен, облигацияларды орналастыру жиынтығы туралы есеппен және Эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдарымен таныса алатын орындар туралы ақпарат:

Корпорацияның орналасқан жері бойынша: Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Желтоқсан к-сі., 28а, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, тел. 8 (7172) 591-591, 554-050, 591-489 (ф.), e-mail: info@agrocredit.kz.

Облигациялық бағдарламаның және оның шегінде облигациялары шығарылымдарының проспектісімен «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының ресми сайтынан www.kase.kz білуге болады.

Эмитенттің қызметі туралы ақпарат www.agrocredit.kz сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында www.kase.kz орналастырылатын болады, ол ұдайы жаңартылып отырады.

Басқарма төрағасының м.а.

Бас бухгалтер



К. Ахметов

И. Зайтуллаева